

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№ 2 хаттамасы

«12» қазан 2023 ж

Қатысқандар саны: 34

Қатыспағандар: жоқ

Күн тәртібінде

1. Ынтымақ жалпы білім беретін мектебінде педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы кеңес төрағасы: А.У.Сейдуалина

Тыңдалды:

1.1. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша педагогикалық әдеп кеңес төрағасы А.У.Сейдуалина Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығы, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 12 мамырда № 20619 болып тіркелген педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы сөз қозғады. Білім беру процесіне қатысушылармен қарым-қатынас жасауда педагогтердің жасына, жынысына, ұлтына, діни сеніміне, азаматтығына, шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайларына немесе кез келген өзге де мән-жайларға қарамастан адамның құқығын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеу керектігін, білім беру процесіне қатысушыларға есімін атап, құрметті және мәдени түрде, сондай-ақ жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтай отырып жүгінеді, білім беру процесіне қатысушылардың аты-жөнін жазуда және айтуда ерікті түрде бұрмалау фактілеріне жол бермеу керектігін, білім беру процесіне қатысушыларға қатысты қаржылық және өзге де бопсалау фактілеріне жол бермейді, өз әріптестерінің тарапынан осындай әрекеттердің жолын кесуге күш салу керектігін, өз іс-әрекетімен қоғам тарапынан дәлелді сындарға жол бермейді, оған сабырлылықпен қарайды, өзінің кәсіби қызметіндегі кемшіліктерді жою және оны жақсарту үшін сындарлы сынды пайдалануға ұяттығы жоқтығын, білім беру процесінің қатысушыларына кәсіби қолдау көрсету керектігін, педагогикалық әдептің бұзылуына шағым жасаған адамдарды кемсітпеу керектігін ескеріп атап өтті.

1.2. Педагогикалық әдеп кеңесінің мүшесі А.Қ. Ақпарова әріптестермен қарым-қатынас жасауда педагогтердің жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын, сыпайылық пен биязылықты сақтау керектігін, басқа педагогтің кәсіби біліктілігіне көпшілік алдында күмән келтірмеу керектігін, дәйексіз және дәлелсіз шағымдардан бас тартып, педагогикалық әдептің бұзылғанына шағым жасаған адамға қарсы жауап шараларын қабылдамау керектігін айтты. Педагогикалық этиканы бұзғаны үшін педагогтер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылатынын ескеріп өтті.

Қаулы:

Ынтымақ жалпы білім беретін мектебінде педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы ескерілсін. Педагог әдебі сақталсын, педагогтер қарым-

қатынас жасауда педагогтердің жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын сақтасын.

Мектеп педагогтері педагогикалық әдептің кейбір мәселелерімен танысты:

Адамова Ж.Ш	Елеусізова К.Н	Мукашева А.Е
Акпарова А.Қ	Жамангарина Н.К	Сейдуалина А.У
Акимжанов М.З	Жұмабаев Э.У	Серікбаева Д.Ғ
Алькенов С.Б	Исина А.Ж	Тезекбаева А.А
Аханаева Б.Ш	Койгельдина Г.Т	Тукенов Н.С
Бейсекеева А.К	Карабалинова А.Т	Туганбаев Х.Н
Башенова Б.Б	Кокина Н.Т	Умирзакова Б.К
Боранқұлова М.Б	Кокина Г.А	Үйсінбаева Б.Б
Балтабекова А.Ш	Кукенов Е.Н	Шегебаева А.Б
Бейсембекова Н.Ж	Кокенова М.Ш	Шалгынбай Б.С
Елубаева Б.Н	Мунжасарова Г.Е	Хасенова А.

Кеңес төрағасы:

Хатшы:

Сейдуалина А.У
Бейсекеева А.К

Сейдуалина А.У

Бейсекеева А.К